Аудандық қоғамдық-саяси газет

# Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

22 мамыр 2026 жыл Жұма №20 (12 071)

https://qarqaralygazeti.kz www.facebook.com/qarqaralygazeti/ qarqaraly_gazeti karkaraly_too@mail.ru

Өнерге құрмет

## Мәдениет саласының майталмандары марапатталды

**Мәдениет пен өнер – ұлт руханиятының алтын қазығы, халықтың болмыс-бітімін айқындайтын асыл құндылық. Өнерді өркендетіп, ұлттық мәдениеттің мерейін үстем ету жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.**

Биылғы Мәдениет және өнер қызметкерлері күні қарсаңында ел руханиятына сүбелі үлес қосып жүрген бірқатар жерлестеріміз жоғары марапаттарға ие болып, аудан жұртшылығының мерейін асқақтатты.

Солардың бірі – қазақ ән өнерінің дара тұлғасы, Қазақстанның халық әртісі Мақпал Жүнісова. Ақордада өткен салтанатты жиында Мемлекет басшысының Жарлығымен әнші ІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Бұл – ұлттық өнерді дамытуға, қазақ әнінің абыройын асқақтатуға сіңірген ұзақ жылғы қажырлы еңбектің жемісі. Мақпал Жүнісованың шығармашылығы – қазақ музыка өнерінің алтын қорына енген мол мұра. Халықтың жүрегінен орын алған әнші сахна мәдениетімен, өзіндік орындау ерекшелігімен, ұлттық өнерге деген адалдығымен дараланып келеді. Оның орындауындағы сыршыл әндер талай буынның рухани серігіне айналды. Қазақтың қасиетті топырағынан түлеп ұшқан



өнер иесінің мұндай мәртебелі марапатқа ие болуы – ел мәдениетіне көрсетілген құрметтің айқын көрінісі.



Сондай-ақ, мәдениет саласындағы ұзақ жылғы еңбегі еленген ардагер өнерпаздардың бірі – Егіндібұлақ ауылының тұрғыны, «Замандастар» ардагерлер ансамблінің белсенді мүшесі Рысты Айтбақаева. Ол ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Саналы ғұмырын мәдениет саласына арнап, ауыл өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан Рысты Айтбақаева көп жылдар бойы «Замандастар» ансамблінің жетекшісі ретінде талай мәдени шаралардың ұйытқысы болды. Өнерді өмірінің өзегіне айналдырған ардагердің еңбегі жас ұрпаққа өнеге. Бұл марапат – тек бір адамның ғана емес, ауыл мәдениетінің дамуына еңбек еткен барша өнер жанашырларына берілген баға деуге болады.

Мәдениет қызметкерлерінің мерекесінде Қарағанды облысы әкімінің арнайы сыйлығына ие болған жерлестеріміз де аудан мақтанышына айналды. Атап айтқанда, Қарқаралы қаласындағы Ш. Жандарбекова атындағы мәдени-сауық орталығының директоры Омарбеков Мақсат Мақсымұлы және осы орталықтың көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі Ахметова Баян Амангелдіқызы облыс әкімінің арнайы марапатына ие болды. Мақсат Мақсымұлы мәдениет саласында ұйымдастырушылық қабілетімен, тың бастамаларымен танылып жүрген азамат. Оның жетекшілігімен аудан көлемінде көптеген тағылымды шаралар өткізіліп, ұлттық өнерді дәріптеуге бағытталған жобалар жүзеге асырылып келеді. Ал Баян Амангелдіқызының



шығармашылық ізденісі мен өнерге деген жанашырлығы аудан мәдениетінің дамуына серпін беріп отыр. Ол жетекшілік ететін өнер ұжымдары түрлі байқауларда топ жарып, көрермен ықыласына бөленіп жүр. Бұл марапаттардың барлығы – Қарқаралы өңіріндегі мәдениет саласының қарқынды дамуының, өнер адамдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, руханиятқа қызмет етіп жүрген жерлестеріміздің жетістігі – аудан халқы үшін зор мақтаныш.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**
*«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен*

**Құрметті ұстаздар, ата-аналар және оқушылар!**

Сіздерді оқу жылының аяқталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – білім мен ізденіске, еңбек пен жетістікке толы ерекше кезең болды. Осы уақыт ішінде шәкірттеріміз талмай білім алып, түрлі биіктерді бағындырса, ұстаздар қауымы өздерінің қажырлы еңбегі мен кәсіби шеберлігін көрсетті.

Осы оқу жылында талапты өрендеріміз білім мен өнерде, спорт пен қоғамдық өмірде айтулы жетістікке жетіп, өңіріміздің білім саласын өрге бастырды! Бүгінгі мектеп бітіруші түлектері де 11 жыл білім алып, тәрбиенің нәрімен сусындаған алтын ұя мектептерімен қоштасуда. Оларға алдағы сынақтардан сүрінбей өтіп, арман-мақсаттары орындалып, ел болашағына қызмет ететін азаматтар болып өсулеріне тілектеспіз.

Қадірлі ұстаздар! Сіздердің жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берудегі қажырлы еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық. Барлық ата-аналар қауымына өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі бірлескен еңбектері мен бала болашағына деген қамқорлықтары үшін шынайы алғысымызды білдіреміз.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, оқушыларға жарқын болашақ пен сәтті демалыс тілейміз!

**С.МУСИН,**
**аудан әкімінің м.а.**

**С.ОСПАНОВ,**
**аудандық мәслихат төрағасы**

**Құрметті жерлестер! Қадірлі ағайын!**

Баршаңызды қасиетті Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Құрбан айт – адамзатты мейірім мен қайырымдылыққа, бірлік пен бауырмалдыққа үндейтін қастерлі мереке. Бұл күндері халқымыз ізгі амалдар жасап, мұқтаж жандарға қол ұшын созып, ағайын-туыспен қауышып, татулық пен сыйластықтың құндылықтарын ардақтай түседі. Кешірім мен ізгілік, сабыр мен шүкіршілік – қашанда халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Осындай қасиетті күндерде жасалған әрбір игі іс пен ақ ниет еліміздің береке-бірлігін, ырыс-ынтымағын арттыратыны сөзсіз.

Ұлттық құндылықтарымыз бен рухани дәстүрлерімізді дәріптейтін қасиетті мереке әр шаңыраққа береке мен ырыс әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, бірлігіміз нығая берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, молшылық, бақ-береке және отбасыларыңызға амандық тілеймін! Құрбан айт қабыл болсын!

**С.МУСИН,**
**аудан әкімінің м.а.**

**С.ОСПАНОВ,**
**аудандық мәслихат төрағасы**

Аудандық қоғамдық-саяси газет

**Қарқаралы** **БАСПАСӨЗ – 2026**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады.**

| Индекс | Санаттар | Жазылу бағасы |
|---|---|---|
| 65626 | Жеке жазылушылар үшін | 6 ай – 3485.76 тг |
| 55626 | Зейнеткерлер үшін | 6 ай – 3065.76 тг |
| 15626 | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 ай – 4385.76 тг |

**Анықтама телефоны: 8-775-548-3523**

Әнші Құрмаш Ыбышев – 60 жаста

## Теміршінің текті ұлы

**«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Үннің тәтті оралған мәні оятар», – деп хакім Абай жырлағандай, көшпелі ғұмыр кешіп, ұлы далада бірегей өркениет жасаған қазақ халқы үшін өнердің, оның ішінде әннің орны бөлек. Қазақ перзентінің жүрегін «таңертең туып, кешке өлетін» (Жәнібек Кәрменовтің теңеуі), әлаулайы бітсе, халаулайы жалғасатын ессіз эстрада емес, замана көшіне ілесе алған, халық талғамынан шыққан, Құрмаш Ыбышев сияқты дара таланттар таңдап шырқайтын есті әндер оятады. Осы жерде «Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар», – деп өнер туындысын екшеп, үкім шығарған дала данышпанына еріксіз қайта жүгінеміз.**



Қарқаралы талантқа кенде болып көрген жоқ. Сонау Шөже, Кемпірбай, Балта, Мәди, Айтпайдан басталып, Ғаббас, Әміре, Қали, Жүсіпбек, Нұғыман, Қуан, Мағауия, Рахия, Кенжегүл, Нұрғали, Баймұқаштарға жалғасып, кешегі Мейірхан, Рымтайға қонақтаған әншілік дәстүр бүгінгі Сержан, Құрмаштарды өнерге құмар жұрттың қадірлісіне айналдырып, олардың бойындағы талант халық әніне сусаған бұқараны тамсандыруда.

Бабаларымыздың қанымен суарылып, көз жасымен шыланған қазақ топырағының әр тұтамы тарихқа, шежіреге толы. Дегенмен, соның ішінде Шығыс Сарыарқаның сыры да, сұлулығы да ерек. Сондай дара қоныстың бірі – Қоңыртемірші тауы. Табиғатына тартқан адамдары да көркем және өнерлі. Сондай әулеттің бірі – Ыбышевтар отбасы. Бұл үйден өрбіген ұл-қыздардың «әу» демейтіні жоқ. Сірә, әулеттің басшысы Сапан әке мен ошақ берекесінің ұйтқысы Айкен ананың өнерге жақын жүріп, балаларын да рухани қазынаға немқұрайды қарамауға тәрбиелеуінен болса керек. Отбасылық ансамбльдер құру сәнге айналған өткен ғасырдың соңында Ыбышевтардың өнерпаз әулеті өңір тыңдармандарына танылған болатын. Дегенмен, тіршілік қамымен, өмір мұқтаждығымен отбасы мүшелерінің көпшілігі өрістеп кете алмаса да, дара қабілеті Құрмашты «қын түбінде жатпайтын алмас қылыштай» Теміршінің қойнауынан суырып алып, алдымен Арқаға, кейінірек киіз туырлықты қазақ жұртына таныстырды. Ол шырқаған әндер «Qazaqstan» ұлттық, «Abai TV», басқа телеарналардан жиі беріледі. Қ.Ыбышев Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық ән байқауының бас жүлдесін иеленіп, Мәди атындағы, Манарбек Ержанов атындағы, Қасым Аманжолов атындағы республикалық ән додаларының лауреаты атанды.

Құрмаш 2010 жылы қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Мағауиннің 70 жылдық мерейтойына белсеніп шыққан делегация құрамында болып, «кәрі құрлықтың» төріндегі алтын күмбезді Прага қаласында, арналы Влтава өзені төсінде тербелген «Европа» кемесінің палубасында Қазтуған жыраудың «Еділмен қоштасу» толғауын тебірене шырқағанын әріптесіміз Сағат Батырхан «Орталық Қазақстан» газетінде осы мамырдың 16 күні әншінің алпыс жылдығына құрметіне жарық көрген «Мағауинді тәнті етіп, Влтаваны толқытқан әнші» деген эссесінде майын тамызып әңгімелеген екен. Атаулы күніне орай облыс орталығындағы Кеншілер мәдениет сарайында Құрмаштың «Әніме ұйып тына бер...» атауымен ән мерекесі ұйымдастырылды. Қоянды жәрмеңкесінің түндігін желпілдеткен Біржан салдың «Қарқаралы басында жалғыз арша, Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша...» деп, самғап көтерілетін әнімен басталған мәдени іс-шара Ақан серінің «Жамал қыз», Жаяу Мұсаның «Ақсиса», Балуан шолақтың «Ғалия», Сейітжан салдың «Қанатталды», Манарбек Ержановтың «Паравоз» сияқты келісті туындыларымен жалғасты. Құрмаш әнді зор талғаммен, зердемен орындайтын өнерпаз. Ол шырқаған әндерден жалған ырғақ, жаңсақ әуен таппайсыз. Сондықтан, әншіні қолдап келген әріптес замандастары, талапты жастар кеш ажарын келістіріп, бірегей шығармаларды ұсынды көрермен қауымға.

Теміршінің тастүлегіне кіндік қаны тамған жерінің ыстық ықыласы мен сағынышты сәлемін Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Нұржан Ілияш: – Алпыстың асқарына шығып, өнерсүйер қауым алдында есеп беріп тұрған талантты ұлын туған елі қадірлейді. Ұлтымыздың ұлы мұрасын аялайтын Құрмаш сияқты дарынды жастар халқымызда көп болсын, – деген лебізімен жеткізіп, әншіге жергілікті атқарушы биліктің Алғыс хатын табыс етті, иығына шапан жауып, астына ат мінгізді.

Жоғарыда бірнеше мәрте қайталап айтқанымыздай, репертуарына өте жоғары талғаммен қарап, ұлттың бай мұрасынан оң жамбасына сай келетін шығармаларды ғана іріктеп шырқайтын Құрмаш Сапанұлының әрбір әнінде Отанға, елге, жерге деген махаббат, халқына бағышталатын мөлдір жан сезімі бар. Ол әншілікті көрерменнің көңілінен шығу үшін сахнада орындайтын өнер ғана емес, жұмыр жердің бетінде тіршілік етуінің мәні деп түсінеді. Әншіні келер күнге жетелейтін де осы мұрат, ар алдындағы асыл парыз.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ**

Инфрақұрылым

# Инфрақұрылымдық жобалар – халық игілігіне бағытталған маңызды қадам

**Қарқаралы ауданында соңғы жылдары құрылыс саласына айрықша көңіл бөлініп келеді. Аудан көлемінде тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, кәріз жүйелерін жаңғырту, спорт нысандарын салу, тұрғын үй құрылысын жүргізу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және туризм саласын өркендету бағытында ауқымды жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.**

Бұл жұмыстардың барлығы аудан тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға, шалғай ауылдардың инфрақұрылымын жаңғыртуға және өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған. Бүгінде Қарқаралы аудандық құрылыс бөлімі бірнеше ірі жобаны қатар жүзеге асырып, олардың басым бөлігінде құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



**Ауыз су – басты назарда**

Мемлекет басшысы жүктеген маңызды міндеттердің бірі – халықты сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету. Осы бағытта Қарқаралы ауданында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

2026 жылға дейін аудан тұрғындарын 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамту мақсатында бірнеше маңызды жоба қолға алынған. Солардың ең ауқымдысы – «Жарлы–Қарқаралы топтық су құбырының құрылысы» жобасы.

2021 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан бұл жоба аудан халқы үшін аса маңызды нысандардың бірі саналады. Қазіргі таңда нысанның дайындық деңгейі 98 пайызға жеткен. Барлық сорғылар толық орнатылып, құрылыс жұмыстарының негізгі бөлігі аяқталған. Қазір қажетті материалдарды жеткізу және оларды монтаждау жұмыстары күтілуде.

Аталған жоба толық іске қосылған жағдайда бірқатар елді мекен тұрғындары сапалы ауыз суға қол жеткізіп, көп жылдан бергі маңызды мәселенің шешімі табылмақ.

Сонымен қатар Қарағайлы кентіндегі су жүйесінің құрылысы да қарқынды жүргізілуде. Бұл жобаның дайындық деңгейі бүгінде 90 пайызды құрайды. Нысанда іргетас толық дайындалып, қоршау орнатылған. Ұңғымалардың дайындығы 90 пайызға жетсе, гидранттардың 80 пайызы орнатылып үлгерген.

№50 ұңғыма толық аяқталған, ал №52 ұңғымада монтаждау жұмыстары жүргізілген. Қазіргі таңда қоршау тіректерін орнату және гидранттарды толық іске қосу жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар әрқайсысының көлемі 100 текше метр болатын үш пластикалық резервуар жеткізілген.

Аталған жоба толық аяқталғаннан кейін Қарағайлы кентінің тұрғындары орталықтандырылған сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

**Ауылдардағы ауыз су мәселесі шешімін табуда**

Аудан көлеміндегі бірнеше ауылда ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары толық аяқталған.

Томар және Матақ елді мекендеріндегі ауыз су жүйелерін қайта жабдықтау жобасы толық жүзеге асырылып, нысандар пайдалануға берілді. Бұл жұмыстар ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартып, инженерлік инфрақұрылымның сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ Бүркітті және Теректі ауылдарындағы су құбыры құрылысы 2024 жылы толық аяқталып, мемлекеттік қабылдаудан өткізілді. Қазіргі таңда нысандар жергілікті әкімдіктердің меншігіне беріліп, тұрғындарға қызмет көрсетуде.

Биыл аудан көлемінде тағы бірнеше жаңа жоба қолға алынды. Атап айтқанда, Татан, Айнабұлақ және Айрық ауылдарында су құбыры желілерінің құрылысы басталды.

Татан ауылында 12,1 шақырым су құбыры тартылмақ. Жобаның құрылыс мерзімі – 10 ай. Ал Айнабұлақ ауылында 9,3 шақырым су желісі салынып, құрылыс жұмыстары 15 ай ішінде аяқталады деп жоспарланған. Айрық ауылында 6,2 шақырым су құбыры желісі тартылып, құрылыс жұмыстары 9 айға жоспарланған.

Бұл жобалар шалғай ауылдардың инженерлік инфрақұрылымын жақсартып қана қоймай, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға үлкен ықпал етеді.

**Кәріз жүйелерін жаңғырту – уақыт талабы**

Аудан орталығы мен кенттердегі кәріз жүйелерін жаңарту мәселесі де күн тәртібінен түскен емес.

Қарағайлы кентіндегі кәріз жүйесі мен кәріз үймеретінің құрылысы жобасы бүгінде 85 пайызға аяқталған. Алайда тұрғындардың ұсыныстары мен қарсылықтарына байланысты ағынды суларды ағызу нүктесін өзгерту қажеттілігі туындаған.

Осыған байланысты жобалық-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізіліп, сараптамаға жолдануда. Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша сот процесі қаралуда. Дегенмен жоба толық аяқталған жағдайда кент тұрғындары үшін кәріз жүйесінің сапасы айтарлықтай жақсарады.

Ал Қарқаралы қаласындағы тазалау ғимаратының құрылысы да маңызды жобалардың бірі болып саналады. Қазіргі таңда жобаның дайындық деңгейі 30 пайызды құрайды.

Мердігер мекемемен байланысты құқықтық мәселелерге байланысты құрылыс жұмыстары уақытша тоқтатылған. Қазіргі уақытта сот процесі жүріп жатыр. Соған қарамастан аудан тарапынан жобаны аяқтау жолдары қарастырылуда.

**Спорт нысандары – салауатты өмір салтының негізі**

Ауданда бұқаралық спортты дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде.

Қарағайлы кентінде салынып жатқан дене-сауықтыру спорт кешенінің құрылысы бүгінде 70 пайызға аяқталған. Нысанда ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Болашақта бұл кешен тұрғындардың спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік береді.

Көктас ауылындағы дене-сауықтыру спорт кешенінің дайындығы 95 пайызға жеткен. Қазіргі таңда ішкі әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Ауыл тұрғындары бұл нысанның ашылуын асыға күтуде.

Сонымен қатар Қарқаралы қаласында стадион құрылысы жалғасуда. Жоба барысында бірқатар қиындықтар туындағанымен, құрылыс жұмыстарын аяқтау бағытында тиісті шаралар қабылдануда. Қазіргі уақытта жобалық-сметалық құжаттама қайта есептеліп, қосымша қаржы қажеттілігі анықталған.

**Туризмді дамытуға бағытталған жұмыстар**

Қарқаралы өңірі – табиғаты көркем, туристік әлеуеті жоғары аймақтардың бірі. Осы бағытта Бұғылы шағын ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйелерін тарту және абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Жоба аясында мыңдаған метр су құбыры, кәріз және электр желілері тартылып, ондаған құдықтар мен электр тіректері орнатылған. Сонымен қатар байланыс желілеріне арналған траншеялар қазылған.

Бұл жұмыстар алдағы уақытта туристік аймақтың дамуына, жаңа демалыс орындарының ашылуына және инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

**Тұрғын үй құрылысы – маңызды бағыттардың бірі**

Қарқаралы қаласында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бағытында да бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.

Т.Әубәкіров көшесіндегі 18 пәтерлі тұрғын үй құрылысының дайындық деңгейі бүгінде 50 пайызды құрайды. Ғимараттың ішкі инженерлік жүйелері орнатылып, құрылыс жұмыстары жалғасуда. Үй пайдалануға берілгеннен кейін ондаған отбасы баспаналы болады.

Сонымен қатар тұрғын үйлерге су, кәріз және жылу желілерін тарту бойынша жұмыстар қайта жандандырылуда. Бұған дейін мердігер мекемемен байланысты қиындықтар туындағанымен, қазіргі таңда жобаға түзетулер енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Ал В.Рей көшесіндегі 36 пәтерлік екі тұрғын үйге инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары толық аяқталған. Қазіргі уақытта құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

**Қаланың болашағын айқындайтын бас жоспар**

Қарқаралы қаласының алдағы даму бағытын жүйелі жоспарлау мақсатында қаланың бас жоспарын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен біріктіріп әзірлеу жұмыстары қолға алынған.

Бұл жоба қаланың сәулеттік келбетін жақсартып қана қоймай, болашақтағы құрылыспен инженерлік инфрақұрылым жұмыстарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта қажетті қаржыландыру қарастырылып, құжаттар бекіту кезеңінде тұр.

**Ел игілігі жолындағы жүйелі жұмыс**

Жалпы, Қарқаралы ауданында құрылыс саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды әрі маңызды. Ауыз су жүйелерін жаңғырту, кәріз желілерін дамыту, спорт нысандарын салу, туризмді дамыту және тұрғын үй құрылысын жүргізу бағытындағы жобалар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін беруде.



Халық игілігіне бағытталған бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, аудан тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға өз үлесін қоса бермек.

–Бүгінде Қарқаралы ауданында халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Ауыз су, кәріз жүйелері, тұрғын үй, спорт нысандары мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы — ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер ететін маңызды салалар. Әрбір жобаның уақытылы әрі сапалы орындалуы тұрақты бақылауда. Алдағы уақытта да аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен толық қамтамасыз ету, заманауи әлеуметтік нысандар санын көбейту бағытындағы жұмыстар жалғасады, — дейді Мейірлан Садуақосов, Қарқаралы аудандық құрылыс бөлімінің басшысы.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**

Егін – ел ырысы

# Қарқаралының қадамы қарқынды

**Облыстың агроөнеркәсіптік өңірлері арасында Қарқаралы ауданының дербес ерекшелігі бар. Негізінен мал шаруашылығына басымдық беретін бұл әкімшілік құрылым биылдың алғашқы тоқсанында 5429,6 миллион теңгенің өнімін шығарды. Оның нақты көлем индексі 101,4 пайызды құрады.**

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Қасымовтың айтуынша, қазіргі таңда өсімдік шаруашылығын әртараптандыру мақсатында мал азықтық дақылдардың көлемін ұлғайту үшін жұмыс жасалуда екен. Осы көктемде жалпы 42,7 мың гектар алқапқа дәнді және мал азықтық дақылдар тұқымын себу жоспарланыпты. Оның ішінде, 29,3 мың гектар жерге дәнді дақылдар:17,8 мың гектарға бидай, 8,6 мың гектарға арпа, 2,7 мың гектарға сұлы, 13,4 мың гектар өңірге мал азықтық дақылдар, 5,0 мың гектар жерге бір жылдық, 7,0 мың гектарға көп жылдық шөп және 190 гектар алқапқа бұршақ дақылдары, 1,4 мың гектарға сүрлем, 20 гектарға картоп отырғызылмақ.



Аталған көктемгі егіс жұмыстарын атқару үшін ауданға 3520 тонна тұқым қажет көрінеді. Оның негізгі қоры шаруа қожалықтарының өзінен шықса, жетпеген 500 тонна тұқымды облыстың басқа аудандарынан сатып алатын болыпты. Көктемгі дала жұмыстарына 6 егін себу кешені, 111 трактор, 405 тұқым сепкіш құрал және 362 дана басқа да техника қатысады деп межеленуде. Бұл науқанды серпінді өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші 36 құрылым 683,5 тонна дизель отынын алуға өтініш берді. Қожалықтардың қаржылық жағдайы әртүрлі. Осы себепті, 5 шаруашылық құрылымы аграрлық несие корпорациясы арқылы «Кең дала» бағдарламасы бойынша көктемгі дала жұмыстарына қажетті несие алыпты. Қарқаралы өңірінің климаттық жағдайына қарай дәнді дақылдардың тұқымын жер қойнына сіңіру мамыр айының 15-25 аралығында жүргізілсе, мал азығы дақылдарын егу айдың соңғы аптасында атқарылмақ. Жоғарыда атап өткеніміздей, Қарқаралыда мал шаруашылығы басым дамыған. Жылдың екінші тоқсанының басында аудандағы мал саны төмендегі көрсеткішті құраған: жылқы – 119,6 мың (өткен жылмен салыстырғанда 110,4 пайыз); ірі қара 126,8 мың (өткен жылмен салыстырғанда 98,1 пайыз); қой-ешкі 188,6 мың (өткен жылмен салыстырғанда 97,8 пайыз); құс 37,2 мың (өткен жылмен салыстырғанда 85,4 пайыз) бас. Шаруа қожалықтары жылдың алғашқы тоқсанында қоғам игілігі үшін төмендегідей мал өнімдерін өндіріп, тұтынушыларға ұсынды: ет (тірі салмақта) 2266,2 мың тонна (өткен жылмен салыстырғанда 103,5 пайыз); сүт 3160,9 мың тонна (өткен жылмен салыстырғанда 98,4 пайыз); жұмыртқа 797,7 мың дана (өткен жылмен салыстырғанда 97,3 пайыз).

Ауданның аграрлық саласына биылғы жылдың 1 тоқсанында 1,2 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл соңына дейін осы жалғасын таппақшы.

Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту саланың дамуына ықпал етіп қана қоймай, бұл бағытта жаңа мүмкіндіктер ашылуына да зор ықпалын тигізеді. Атап айтқанда, ағымдағы жылы Қарқаралыда үш инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның алғашқысы – бордақылау алаңын ашу, екіншісі – мал сою пунктін және ет өңдеу цехын іске қосу, үшіншісі – тері өңдеу цехын ашу. Бірінші жоба бойынша Шарықты ауылдық округінің «Мұстафин Ақбай» шаруа қожалығы ет бағытындағы мал шаруашылығы кәсіпорнын құру және бордақылау алаңын 1000 басқа дейін кеңейтуді қолға алды. Мұнда қазір мал бордақылау алаңының құрылысы жүруде. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы арқылы бордақылау алаңына және ет өңдеу цехына ұзындығы 6 шақырым болатын электр желісін тарту мәселесі облыстық үйлестіру кеңесінде қарастырылып, кеңес мүшелері тарапынан қолдау тапты.

Екінші жобада Қарқаралы қаласында мал сою алаңын және ет өңдеу цехын ашу көзделген. Оны іске асырушы – «Жасыл жиек» ЖШС. Күніне 25 бас мал союға қуаты жететін цех жыл ішінде 1000 тонна ет өндірмекші. Үшінші жобаға сай Қарқаралы қаласында сиыр мен жылқы терісін тереңдетіп өңдеу бойынша цех салу қарастырылыпты. Оны іске асырушы – «Бизнес партнер Астана» ЖШС. Аграрлық сала үшін аса өзекті болған мәселені шешу – текке шіріп қалып жатқан бағалы шикізатты тереңдетіп өңдеу өңірде мал шаруашылығының дамуына тың серпін береді деген үміт зор. Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңарту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күнге дейін аграрлық саланың жұмысын атқаруға ықпалы тиетін 57 дана техника сатып алыныпты. Осы жылдың басында облыс басшылығының қолдауымен

Қарағанды қаласында Қарқаралы ауданы фермерлік өнімдерінің әлеуметтік павильоны ашылғаны белгілі. «Бұл шара, ең алдымен, бағаны тұрақтандыруға бағытталса, екіншіден, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден тұтынушыларға дейін делдалсыз өткізуге қолайлы жағдай туғызуда. Азық-түлік өнімдері аспандап тұрған қазіргі таңда бұл ауыл еңбекшілеріне де, қала тұрғындарына да ыңғайлы», – дейді Айдын Жұмажанұлы.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ**

Отбасы күні

# Отбасы – қоғамның алтын діңгегі

**Отбасы – адам өміріндегі ең қасиетті құндылықтардың бірі. Берекелі шаңырақ, сыйластық пен татулыққа негізделген жанұя – қоғамның тұрақтылығы мен ел болашағының берік негізі. Ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен мейірімнің бастауы саналатын отбасы институтын дәріптеу – бүгінгі қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі.**




Осы орайда «Отбасы күні» мерекесіне орай Ж.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығы Ақтерек ауылына арнайы барып, ауыл тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй мен ерекше мерекелік әсер сыйлады. Клубы жоқ елді мекен тұрғындары үшін ұйымдастырылған бұл мәдени шара ауыл жұртшылығының ыстық ықыласына бөленіп, ел ішінде қуаныш пен рухани серпіліс сыйлаған тағылымды кешке айналды.

Мерекелік іс-шара аясында мәдениет орталығының өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, халық әндері мен әсерлі музыкалық шығармаларды орындады. Әсем ән мен күмбірлеген күй ауыл тұрғындарының көңілін көтеріп, көпшілікке шаттық сыйлады. Әсіресе, ауыл ақсақалдары мен аналар өнерпаздардың өнеріне ризашылықтарын білдіріп, мұндай рухани кездесулердің ауыл өміріндегі маңызын ерекше атап өтті.

Шара барысында өнегелі отбасыларға құрмет көрсетіліп, олардың қоғамдағы орны мен тәрбиелік маңызы дәріптелді. Көктем мезгілінде шаңырақ көтергендеріне 40 жыл толған Бактияровтар отбасы арнайы құттықтауға ие болды. Бір-біріне деген сыйластығы мен татулығын сақтап келе жатқан бұл отбасы жастарға үлгі боларлық өнегелі жанұя ретінде аталып өтті.

Сонымен қатар, «Алтын алқа» иегері Айзат Жекеноваға, «Күміс алқа» иелері Бақытжан Смағұлова мен Зайра Искаковаға да құрмет көрсетіліп, аналық еңбектің қадірі дәріптелді. Көпбалалы аналардың қоғамдағы рөлі мен отбасы тәрбиесіндегі орны жайлы жүрекжарды лебіздер айтылып, олардың ел болашағын тәрбиелеудегі еңбегі ерекше бағаланды.

Мерекелік күні ерекше қуанышқа бөленгендердің бірі – көпбалалы отбасының бүлдіршіні Мая болды. Оның 10 жасқа толуына орай «Шаңырақ» көпбалалы отбасыларын қамту орталығының жетекшісі арнайы құттықтап барып, сый-сияпат табыс етті. Балғын бүлдіршінге айтылған ақ тілектер мен ыстық лебіздер кештің әсерін одан әрі айшықтай түсті.

Осындай игі шаралар ауыл тұрғындарының рухани өмірін байытып қана қоймай, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға үлкен ықпал етеді. Әсіресе мәдени ошақтары жоқ елді мекендерге барып, халыққа өнер мен мерекелік көңіл күй сыйлау – мәдениет қызметкерлерінің елге деген жанашырлығы мен адал еңбегінің көрінісі.

Ақтерек ауылында өткен бұл тағылымды кеш ауыл тұрғындарының жүрегінде ұзақ сақталары сөзсіз. Өнер мен өнегені ұштастырған мерекелік шара отбасының қоғамдағы маңызын тағы бір мәрте айқындап, ел бірлігі мен татулығын нығайта түсті.

**Меруерт БАЛКЕЕВА**
**«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ тапсырысымен**

## Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) Жобаның атауы:

– "Қарағанды облысындағы "Кентөбе" кен орнында құрамында темір бар кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары"жоспарланған қызметтің ықтимал әсерлері туралы есеп.

2) аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:

– Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бақты ауылдық округі.Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:

– Тау жыныстарының шекаралары бұрыштық нүктелермен белгіленеді ( № 1ден № 18 дейін – Негізгі карьер, № 19-дан № 27 дейін – Шығыс карьері): № 1 – 49º24'14.4" се 76º06'32.4" шб; № 2 – 49º24'14.2" се 76º06'41.5" вд; № 3 – 49º24'03.7" се 76º07'19.0" вд; № 4 – 49º24'03.1" се 76º07'26.5" шб; № 5 – 49º24'05.1" сб 76º07'38.8" шб; № 6 – 49º24'09.6" се 76º07'44.0" шб; № 7 – 49º24'13.3" се 76º07'50.6" шб; № 8 – 49º24'18.2" се 76º07'58.8" шб; № 9 – 49º24'46.3" се 76º07'48.8" шб; № 10 – 49º24'48.6" се 76º07'23.4" шб; № 11 – 49º24'46.3" се 76º07'12.5" шб; № 12 – 49º24'49.4" се 76º06'29.0" шб; № 13 – 49º24'47.6" се 76º06'20.6" шб; № 14 – 49º24'46.9" се 76º06'15.6" шб; № 15 – 49º24'42.4" се 76º06'08.4" шб; № 16 – 49º24'34.3" се 76º06'06.9" шб; № 17 – 49º24'28.2" се 76º06'08.4" шб; № 18 – 49º24'22.3" се 76º06'13.4" шб; № 19 – 49º24'13.6" се 76º08'12.8" шб; № 20 – 49º24'12.3" се 76º08'28.3" шб; № 21 – 49º24'17.4" се 76º08'40.6" шб; № 22 – 49º24'33.3" сш 76º08'55.9" вд; № 23 – 49º24'45.2" сш 76º08'55.4" вд; № 24 – 49º24'52.2" се 76º08'51.5" шб; № 25 – 49º25'02.7" се 76º08'26.8" шб; № 26 – 49º25'00.1" се 76º08'13.0" шб; № 27 – 49º24'35.5" се 76º08'01.6" шб.

3) қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталатын орны, күні және уақыты:

– Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауыл округі., Бақты ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 13 құрылым (ауылдық клуб), 01.07.2026 ж. сағат 12:00.

4) Бастамашының реквизиттері және байланыс деректері:

– «Өркен» ЖШС «Өркен -Кентөбе» өкілдігі, БСН 040342008925, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауыл округі, Бақты ауылы, 30 есептік орам, № 478 құрылымы, тел.: +7 (705) 293-60-79, e-mail: Zarema.Usembaeva@qarmet.kz.

5) ықтимал әсерлер туралы есепті құрастырушының деректемелері мен байланыс деректері:

– «ПРОФЕССИОНАЛ» «Жобалық орталық» ЖШС , БСН 141140017741, ШҚО, Өскемен қ., Протозанов көшесі, 95 ғим., н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pcprof@mail.ru.

6) қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен танысу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының (ЖАО) бірыңғай экологиялық порталына және ресми интернет-ресурсына сілтеме;

– Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі

– https://hearings.ndbecology.gov.kz, «Қоғамдық тыңдаулар» тарауы;

– "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ ЖАО сайты ("ҚО ТРБ және ТПР" ММ) – https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat, «Қоғамдық тыңдаулар» тарауы.

7) жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжай және телефон нөмірі (- лері) :

– эл.пошта адресі: pcprof@mail.ru, Natalya.Fitc@qarmet.kz.

– телефондар: +7 777 495 09 74, +7 708 386 3563.

8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайына жібереді:

– қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі

– «Қарағанды облысының экология департаменті» РММ: karagandy-ecodep@ecogeo.gov.kz, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 47.

– «ҚО ТРБ және ТПР» ММ ЖАО: expertiza.upr_krg@mail.ru, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20.

Zoom конференциясына қосылыңыз
https://us06web.zoom.us/j/81321489231?pwd=rv6JHQa8njSOBrtiz9HSRM3ysVfYEI.1
Конференцияның идентификаторы: 813 2148 9231
Кіру коды: 645664

Жарыс

# Қарқаралыда облыстық тазылар жарысы өтеді

**6 маусым күні Қарқаралы ауданында өтетін «BAIQYMYZ» гастрофестивалі аясында облыстық тазылар жарысы ұйымдастырылады.**

«ШЫРҒА ТАРТУ» ұлттық спорт ойынына Астана қаласы, Ақмола, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарынан келген 36 тазы қатысып, 400 метр қашықтықта бақ сынайды.

Жарыс барысында қазақы тазы иттерінің жылдамдығы, ептілігі мен жүйріктігі сарапқа салынады.

Жалпы жүлде қоры – 600 мың теңге:

I орын – 300 мың теңге;

II орын – 200 мың теңге;

III орын – 100 мың теңге.

Шара Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, «Qarqaraly GO» жазғы лагері аумағында өтеді.

Фестиваль қонақтарына ұлттық спорт түрлерімен қатар, өнер ұжымдарының концерттік бағдарламасы ұсынылады. Көпшілік қауым қазақтың дәстүрлі және эстрадалық әндерін тамашалай алады.




Оқиға

# Құтқарушылар жедел көмекке келді

**Қарағанды облысының Қарқаралы ауданы аумағындағы көрікті табиғатымен танымал «Пионерлер шыңы» маңында төтенше жағдай орын алып, құтқарушылар тауда қалған ерлі-зайыптыларға дер кезінде көмек көрсетті.**

Оқиға таңғы уақытта басталған. Демалыс күнін табиғат аясында өткізуді ұйғарған туристер тауға көтерілген. Алайда төмен түсу барысында ер адам абайсызда аяғын сындырып алып, өздігінен қозғалу мүмкіндігінен айырылған. Таулы аймақтың күрделі бедері мен жартасты жолдар ерлі-зайыптылардың төмен түсуіне кедергі келтірген. Нәтижесінде олар құтқарушылардың көмегіне жүгінуге мәжбүр болды.

Хабарлама түскен бойда Төтенше жағдайлар министрлігінің құтқарушылары оқиға орнына жедел аттанды. Іздестіру-құтқару жұмыстары барысында заманауи технологиялар қолданылып, ұшқышсыз ұшу аппараты іске қосылды. Дрон көмегімен туристердің нақты орналасқан жері қысқа уақыт ішінде анықталды.

Бұл құтқару операциясының уақытын үнемдеп, зардап шеккендерге жедел жетуге мүмкіндік берген.

Кейін құтқарушылар таулы аймаққа көтеріліп, жарақат алған азаматқа алғашқы көмек көрсеткен. Арнайы жабдықтардың көмегімен ерлі-зайыптылар қауіпсіз жерге түсіріліп, аман-есен эвакуацияланды. Олардың өміріне қауіп төніп тұрған жоқ.

Мамандар таулы аймақтарға саяхатқа шыққанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін ескертеді. Әсіресе, ауа райын алдын ала бақылап, қажетті құрал-жабдықтарды дайындау, байланыс құралдарын өзімен алып жүру маңызды. Сонымен қатар, күрделі бағыттарға жалғыз шықпауға және жақындарына маршрут туралы алдын ала хабарлап қоюға кеңес береді.

Бұл оқиға құтқарушылардың кәсіби шеберлігі мен жедел әрекетінің арқасында қайғылы жағдайдың алдын алуға болатынын тағы бір мәрте дәлелдеді. Адам өмірін арашалап қалу жолында тәулікпен қызмет атқаратын төтенше жағдайлар қызметінің еңбегі әрдайым зор құрметке лайық.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**

**САТЫЛАДЫ**

Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 117 үй, 4-пәтер сатылады. Екі бөлмелі пәтер. От жағылады. Су үйдің ішінде орналасқан. Жері үлкен, кең ауласы бар. Мал ұстауға ыңғайлы. Байланыс телефоны: 8 778 673 42 65

Азамат СПАНОВ БАУЫРЖАН ШАКАРИМОВИЧ 04.11.2025 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

16 қараша 2025 жылы қайтыс болған азаматша Рашикулова Улжан Жидебаевнаның атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36-шы үй №3-ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон -31-515, 8-7017514937

25 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған азаматша Исатаева Рымкештің атына мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларға Қарқаралы қаласы, Т.Әубәкіров көшесі 36-шы үй №3-ші кеңсе (ЦОН-ға қарсы 5 қабатты үйдің 1-ші подъезінің 2-ші қабаты) мекен-жай бойынша нотариус Разакова Асет Аннасовнаға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон: 31-515, 8-7017514937

Азамат /-ша/ БИСЕНОВА КУЛГАЙНА КАБЖАНОВНА 05.09.2023 жылы қайтыс болғандықтан, мұрагерлік іс ашылды. Барлық мүдделі адамдарға: (КТ «Қарқаралы» ғимаратында орналасқан ) мекен-жай бойынша нотариус Ж.М. Рахимоваға хабарласуларыңыз сұралады. Телефон : 8 /72146/ 33016, 8 701 487 99 54.

Открыто наследственное дело после смерти Богданченко Веры Васильевны, умершей 26 марта 2026 года. Всем заинтересованным лицам обращаться нотариусу Разаковой А.А. по адресу: г.Каркаралинск, ул.Т.Аубакирова дом №36/3 (5-ти этажный дом напротив здания ЦОН, 1 подъезд, 2 этаж) (т.31-515, 8-7017514937)

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы № 2 орта мектеп ұжымы осы мектептің мұғалімі Ашимова Айнашқа

**анасы**

зейнеткер ұстаз Баймаканова Айтбану Иманбекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

## Объявление о проведении общественных слушаний

1) наименование проекта:

– Отчёт о возможных воздействиях намечаемой деятельности «План горных работ по добыче железосодержащих руд на месторождении «Кентобе» в Карагандинской области».

2) список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:

– Бактинский сельский округ Каркаралинского района Карагандинской области.

географические координаты участка и географические координаты территории воздействия:

– Границы горного отвода обозначены угловыми точками (с № 1 по № 18 – Основной карьер, с № 19 по № 27 – Восточный карьер): № 1 – 49º24'14.4" сш 76º06'32.4" вд; № 2 – 49º24'14.2" сш 76º06'41.5" вд; № 3 – 49º24'03.7" сш 76º07'19.0" вд; № 4 – 49º24'03.1" сш 76º07'26.5" вд; № 5 – 49º24'05.1" сш 76º07'38.8" вд; № 6 – 49º24'09.6" сш 76º07'44.0" вд; № 7 – 49º24'13.3" сш 76º07'50.6" вд; № 8 – 49º24'18.2" сш 76º07'58.8" вд; № 9 – 49º24'46.3" сш 76º07'48.8" вд; № 10 – 49º24'48.6" сш 76º07'23.4" вд; № 11 – 49º24'46.3" сш 76º07'12.5" вд; № 12 – 49º24'49.4" сш 76º06'29.0" вд; № 13 – 49º24'47.6" сш 76º06'20.6" вд; № 14 – 49º24'46.9" сш 76º06'15.6" вд; № 15 – 49º24'42.4" сш 76º06'08.4" вд; № 16 – 49º24'34.3" сш 76º06'06.9" вд; № 17 – 49º24'28.2" сш 76º06'08.4" вд; № 18 – 49º24'22.3" сш 76º06'13.4" вд; № 19 – 49º24'13.6" сш 76º08'12.8" вд; № 20 – 49º24'12.3" сш 76º08'28.3" вд; № 21 – 49º24'17.4" сш 76º08'40.6" вд; № 22 – 49º24'33.3" сш 76º08'55.9" вд; № 23 – 49º24'45.2" сш 76º08'55.4" вд; № 24 – 49º24'52.2" сш 76º08'51.5" вд; № 25 – 49º25'02.7" сш 76º08'26.8" вд; № 26 – 49º25'00.1" сш 76º08'13.0" вд; № 27 – 49º24'35.5" сш 76º08'01.6" вд.

3) место, дата и время начала проведения общественных слушаний:

– Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с.Бакты, ул.Тауелсиздик, строение 13 (сельский клуб), 01.07.2026 г. в 12:00.

4) реквизиты и контактные данные Инициатора:

– Представительство «Оркен-Кентобе» ТОО «Оркен», БИН 040342008925, Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с. Бакты, Учетный квартал 30, строение № 478, тел.: +7 (705) 293-60-79, e-mail: Zarema.Usembaeva@qarmet.kz.

5) реквизиты и контактные данные составителя отчёта о возможных воздействиях:

– ТОО «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ», БИН 141140017741, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Протозанова, зд. 95, н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pcprof@mail.ru.

6) ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа (МИО) соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), для ознакомления с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний;

– Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – https://hearings.ndbecology.gov.kz, раздел «Общественные слушания»;

– сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» (ГУ «УПРиРП КО») – https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat, раздел «Общественные слушания».

7) электронный адрес и номер(-а) телефона для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности:

– адреса эл.почты: pcprof@mail.ru, Natalya.Fitc@qarmet.kz.

– телефоны: +7 777 495 09 74, +7 708 386 3563.

8) электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:

– территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды – РГУ «Департамент экологии по Карагандинской области»: karagandy-ecodep@ecogeo.gov.kz, Карагандинская область, г. Караганда, пр. Бухар жырау, 47.

– МИО ГУ «УПРиРП КО»: expertiza.upr_krg@mail.ru, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20.

Подключиться к конференции Zoom
https://us06web.zoom.us/j/81321489231?pwd=rv6JHQa8njSOBrtiz9HSRM3ysVfYEI.1
Идентификатор конференции: 813 2148 9231
Код доступа: 645664

Өнер саңлақтары

# Дәуірлер келбетін кескіндеген

Театр дегенде ең алдымен режиссер мен актерлердің еңбегі көзге түседі. Өйткені, көрерменнің алдында режиссер әзірлеп, ұсынған, актерлер ойнаған көріністер өтіп жатады да, синтездік өнерді жасаушы өзге мамандық иелерінің еңбегі тасада қалып жатады. Әрине, әділетсіздік. Театр – ұжымдық өнер. Заманауи театр спектаклі драматург, қоюшы-режиссер, актерлер, қоюшы-суретші, композитор және хореография өнері, киім-кешек әзірлеушілер, гримшілер, жарық берушілер, басқа да көптеген қосалқы қызметкерлер еңбегінің тоғысуы нәтижесінде пайда болады. Театр өнерінің синтездік табиғаты оның тарихи даму сатысымен тығыз байланысты. Соның ішінде шығармадағы оқиға желісі қай жерде, қалай жағдайда өтіп жатқанын, әрекетке қатысушы адамдардың сыртқы кескін-келбеті қандай екенін көрсету үшін аядай сахнада әр дәуірдің тыныс-тіршілігін бейнелейтін қоюшы-суретші шешімі мен сахнаға жан бітіруінің орыны ерекше. Ол бір қойылымда ежелгі Эллада дәуірін, келесі спектакльде Қазақ хандығы кезеңіндегі ұлы дала өркениетін, тағы бірде орта ғасырлық Еуропа немесе осы замандағы қала өмірін көрсетуі мүмкін.



Театр декорациясы, немесе сахна безендіру өнері – спектакльдің мазмұнын көрерменге көркем бейнелермен жеткізу үшін декорацияны, түрлі жарықтарды, костюмдерді, қойылымдық техниканы үйлестіре пайдаланудың жемісі. Қарағандының Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрында көркемдік-қойылым бөлімі басшысы қызметін атқарып келе жатқан Жәлел Мәліқұлы Садырбеков жоғарыда айтылған сын талаптарға толық жауап бере алатындай маман.

Адамның болмысы туған жеріне тартады дейді. Жәкең шыққан әулеттің ата қонысы Қарқаралы. Қасиетті жердің көркем табиғатына тартып сұлулыққа, сурет салуға жасөспірім шақтан әуес болыпты. 1973 жылы Қарағандыдағы №100 орта мектепті бітіріп, ата-ана тәрбиесімен бойына дарыған талантының арқасында ол облыс орталығындағы түрлі мекемелерде, кәсіпорындарда көркемдеуші-суретші болып еңбекке араласқан екен. Жәлел Мәліқұлының өмірі мен шығармашылығына үлкен бетбұрыс жасаған оқиға – 1985 жылы балалардың Абай атындағы облыстық кітапханасына қызметке орналасқаны. Бұл кезде суретшілік күн көріс үшін табыс иелену көзі ғана емес, тіршіліктің мәніне айналған ол балдырған оқырмандардың түрлі-түсті журналдарды және көркем суретті қызыға парақтайтынын, сәтті шыққан көркем бейнелерден ерекше ләззат алатынын байқап, кітапхананың кішкентай оқырмандары үшін бейнелеу өнері үйірмесін ұйымдастырып, олардың шығармашылық, жеке тұлғалық қабілеттерін ашуға ден қойды. Аталған мекемеден ауысып кеткеніне біршама уақыт өтсе де Жәлел Мәліқұлы балалар сурет байқауларына қазылық жасайтын топтың тұрақты мүшесі.

Балалармен жұмыс істеу барысында бойдағы дарын мен еңбекшілдік қабілетке кәсіби білім қосылғанда ғана мықты маман болып шығатынына көзі жетіп, 1987 жылы Мәскеу және Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қалаларындағы Бүкілодақтық мәдениет қызметкерлері институттарында шеберлік курстарынан өтті. 1991 жылы Қарағандының Евней Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік (қазіргі ұлттық зерттеу) университетін сызу және бейнелеу өнері мамандығы бойынша бітірді. Жалпы, Жәлел Мәліқұлы кезкелген мамандық иесі өмір ағымынан қалып қоймауы үшін өмір бойы оқуы керек деген тұжырымға ден қойған жан. Ватман, альбом парақтары мен түрлі-түсті қарындаштан, гуашь, тушь бояулардан басталып, қылқалам, компьютерлік графикаға жалғасқан шығармашылық жолда ол түрен салмаған тақырып аз.

Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында еңбек ете бастағанына жарты ғасырға жуықтаған Жәлел Мәліқұлы осы мерзім ішінде ондаған спектакльдің жарыққа шығуына қоюшы-суретші ретінде қатысты. Жоғарыда айтқанымыздай, ол шығармалардың тақырыптары, мақсат-мүддесі, оқиғалары өткен кезеңі мен ортасы әр алуан: Жәкең қоюшы-суретшісі болған С.Асылбекұлының «Желтоқсан желі», З.Қыстаубайұлының «Қос мұңлық», А.Жапаровтың «Әйел тағдыры», Ш.Айтматовтың «Жәмила» драмалары тоталитарлық қапастағы кеңес дәуірі адамдарының қат-қабат саяси, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін қамтыса, К.Жұмабековтің «Қаздауысты Қазыбек» тарихи драмасы ұлы далада үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелілер өркениетінің дағдарысқа түскен кезін, ел басына күн туған жоңғар шапқыншылығы тұсында халқына қамқор, түнектен жол таба білетін кемеңгер көсемнің кесек тұлғасы мен ортасын кескіндейді. М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн» трагедиясында башқұрттың бір рулы еліне ықпалын жүргізсе де табиғи тілек алдында жесір әйелдің нәпсілік осалдығын көрсетіп алған жанның күйреуі арқау болады. Бұлардың сюжеті қазақ көрерменіне таныс ортада, тіпті қырғыз, башқұрт бауырлардың шығармаларындағы оқиғалар да ұқсас менталитеттік ортада өрбісе, француздар: М.Шевронның «Махаббат мекені» драмасы мен К.Камолеттидің «Отбасы ойыны» комедиясы, неміс Р.Штраустың «Электра» трагедиясы салт-санасы, тыныс-тіршілігі, өмірлік философиясы бөтен елдерге жетелейді. Тіпті, «Электраның» желісі ежелгі Эллада дәуірі мәдениетін көрсетеді. Осындай ондаған, бір-біріне ұқсамайтын спектакльдердің қоюшы-суретшісі бесаспап маман болуы шарт. Көрермен көңіліне сенім ұялатуы үшін театр қоюшы-суретшісі кәсіби біліктілігі мен талғамы өз алдына, театр өнері жайлы ғана емес, әлем халықтары тарихынан, мәдениеті мен философиясынан жан-жақты, мол білім игеруі керек десек, Ж.Садырбеков осы қасиеттерді мүмкіндігінше бойына сіңірген. Ол тіпті спектакльдердегі оқиғалар орын алған кездері түрлі кеңістіктерді мекендеген адамдардың тұрған мекен-жайларын, тұтынған заттарын, киген киімдерін бар сән-салтанатымен көрсетіп қана қоймай, сол бұйымдардың түр-түсіне, сыртқы бояуына да ерекше мән береді. Өйткені, әр мәдениеттің ішкі мазмұнына қоса өзіне тән бояуы, кескін-келбеті де болады. Туындысын майлы бояумен жазатын қылқалам иесінен сахнада оқиға орнын көсететін қоюшы-суретшінің ең басты ерекшелігі, нысаны – дербес адам, жеке зат немесе әрекет емес, тұтас дәуір. Театр қоюшы-суретшісі уақыттың белгілі бір кезеңін көз алдыңа елестетеді.

Бірнеше мыңжылдық тарихында ұдайы өзгеру, жаңғыру үстіндегі театр декорациясын жетілдіруге Қайта өрлеу дәуірінің Брунеллески, Леонардо да Винчи, Мантенья, Рафаэль, Браманте, Перуцци тәрізді алыптары да ден қойып, өлшеусіз үлес қосқанын ескерсек, Жәлел Мәліқұлы үлкен өнердің Қарағанды топырағындағы бірегей өкілдерінің бірі екенін мойындауға тура келеді.

Сарыарқаның салқар белін сексен жыл бойы дүбірлеткен әйгілі Қоянды жәрмеңкесінің орнында балалық шағы өткен, осында сегізжылдық мектепті бітіргенше ауыл ересектерінен Біржан сал мен Ақан сері, Жаяу Мұса мен Мәди, Майра мен Қажымұқан туралы ертегіге бергісіз әңгімелерді естіп өскен жасөспірімге өздеріне аталас туыс болып келетін Қаллеки, кәдімгі Қалибек Қуанышбаев есімі әсер еткен де болар. Әке-шешеден ерте қалған Қаллеки ел ағасы Садырбек қажының отбасынан орын алып, тәрбиесін көрген дүр. Жәкең тағдырын театрмен байланыстыруға ұлы тұлғаның рухы ықпалы жасағанына шүбәсіз сенеді.

1956 жылдың 30 мамырында жарық дүние есігін ашқан Жәлел Мәліқұлы қазір кеншілер астанасындағы қазақ рухының қара шаңырағы Сәкен театры ақсақалдарының қатарында. Мәдениет саласының үздігі түрлі деңгейдегі сала жетекшілерінің және қала мен облыс басшылығының тарапынан сан мәрте марапаттарға, сый-сияпаттарға ие болды. Ол осыдан он жыл бұрын «Жылдың үздік суретшісі» мәртебесінде көрінген екен. Қазақ Ордасының ұлы билерінің бірі Қаздауысты Қазыбектің туғанына 350 жыл толуына орай және Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты өткізілген республикалық мәдени іс-шаралардың сахнасын жасақтағаны үшін арқалаған алғысының жөні бөлек. Әрине, билік тарапынан еңбектің еленгені дұрыс. Дегенмен, көңіл толқытатын сәт – театрға келген көрермен қауым Жәкеңнің қолынан шыққан қойылым декорациясына көңілі толып, ризашылықпен қол соғатыны. Бұл суретшіні шынайы қуанышқа бөлейді. Таланты тоғысқан, шеберлігі шыңдалған Жәлел Мәліқұлы қазір республика театрларындағы ең үздік және санаулы қоюшы-суретшілердің бірі. Ол өзі еңбек ететін өнер ұжымы еліміздегі бірегей театр атануына шексіз ой-қиялымен нәм қылқаламымен әлі де талай жыл талмай үлес қосатынына күмән жоқ.

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
**Қазақстанның**
**Мәдениет қайраткері**

Музей әлемі

# Түнгі тарих сыр шертеді

**Халықтың өткені мен бүгінін жалғап тұрған алтын көпір – музей. Ұлттың рухани жады мен тарихи мұрасын сақтап, келер ұрпаққа аманаттайтын қасиетті орындардың бірі – Қарқаралы тарихи-өлкетану музейі. Көне жәдігерлер мен ғасырлар қойнауынан сыр шертетін құнды мұраларды сақтап отырған бұл мәдени орда жыл сайын Халықаралық музейлер күні аясында тағылымы мол, мазмұны терең шаралар ұйымдастырып келеді.**

Биыл да 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде «Түнгі тарих сыр шертеді» атты ерекше «Музей түні» шарасы ұйымдастырылды. Тарих пен тағылымға толы рухани кешке қала тұрғындары, жастар мен қонақтар көптеп жиналып, музей әлемінің тылсым тынысымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Кешкі мезгілде басталған шара музей ауласынан-ақ ерекше атмосферасымен көпшіліктің назарын аударды. Тарихтың тереңіне бойлататын безендірулер, көне заманның рухын сездірген көріністер мен жарық композициялары келушілерге ерекше әсер сыйлады. Ұйымдастырушылар бұл кеш арқылы музейдің тек жәдігер сақтайтын орын ғана емес, халықтың рухани қазынасын дәріптейтін мәдени-танымдық орталық екенін тағы бір мәрте дәлелдей білді.



«Түнгі тарих сыр шертеді» бағдарламасы аясында келушілер үшін тарихи-танымдық квест ойындары ұйымдастырылып, қатысушылар көне тарихтың құпияларын шешуге мүмкіндік алды. Әсіресе жастар арасында үлкен қызығушылық тудырған бұл ойындар қатысушылардың зеректігін, тарихи білімін және логикалық ойлау қабілетін шыңдады. Кештің ерекше бөлімдерінің бірі – түнгі жанданған экскурсия болды. Экскурсия барысында музей қызметкерлері Қарқаралы өңірінің бай тарихы, тарихи тұлғалары мен өлкенің мәдени мұрасы жайлы тағылымды әңгімелер айтып, келушілерді ғасырлар қойнауына жетеледі. Көне жәдігерлер мен сирек экспонаттар түнгі жарықпен үйлесім тауып, музейдің тылсым әлемін одан әрі айшықтай түсті.

Шара аясында тарихи көрмелер мен фотостендтер де көпшілік назарына ұсынылды. Онда Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні, тарихи кезеңдері мен көрнекті тұлғалары жайлы құнды мәліметтер қамтылды. Келушілер көне суреттер мен тарихи құжаттарға қызығушылық танытып, туған өлкенің тарихына деген құрметтерін білдірді.

Музей түні барысында ұйымдастырылған қызықты бағдарламалар мен тосынсыйлар кештің мазмұнын байытып, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Әсіресе балалар мен жастар үшін бұл кеш рухани танымға толы әсерлі саяхатқа айналды. Осындай тағылымды шаралар халықтың тарихи санасын жаңғыртып қана қоймай, жастардың туған жер тарихына деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Өткенді құрметтеу – болашаққа деген жауапкершіліктің белгісі. Сондықтан музейлердің қоғамдағы орны ерекше. Қарқаралы тарихи-өлкетану музейінде өткен «Музей түні» шарасы тарихтың үнін тыңдап, рухани мұраның қадірін терең сезінуге мүмкіндік берген мазмұны кеш ретінде көпшіліктің жадында ұзақ сақталары анық. Тарихқа тағзым етіп, өткеннің өнегесін бүгінмен сабақтастырған бұл кеш – руханият пен мәдениеттің жарқын көрінісі болды.

**Баршын ЕРТІСҚЫЗЫ**

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» ЖШС Директоры – Бас редактор **Құрманғазы ӨТЕБАЙ**

100800 Қарқаралы қаласы, Ә.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HSBKKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті «Қарқаралы» газеті редакциясы баспаханасында теріліп, беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Арко» ЖШС (Сәтбаев к., 15) баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қаңтарында № KZ23VPY00109516 қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 4 баспа табақ. Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 20